

«Ұнатамын күзді мен»

Жеңіс Қашқыновтың өлеңдерін мәнерлеп оқу облыстық сайысының ЕРЕЖЕСІ

(Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының 70 жылдығы аясында)

1. Жалпы ережелері

1.1. Бұл ереже балалар ақыны, қарымды қаламгер, Қарағанды өңірінің тумасы Жеңіс Қашқыновқа арналған мәнерлеп оқу сайысының (әрі қарай сайыс) ұйымдастыру мен өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, шарттарын, тәртібін, мерзімін және басқа да талаптарын айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушылар және байқауды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлға Жұмағұлов Айтпай Ботпайұлы және «Қарағанды облыстық Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (одан әрі – Ұйымдастырушы) болып табылады. Байқаудың жүлде қоры Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының доценті аға оқытушысы, ақын-айтыскер, филология ғылымдарының кандидаты Айтбай Ботпайұлы Жұмағұловтың демеушілігі негізінде құрылады.

2. Сайыстың мақсаты мен міндеттері

2.1. Жеңіс Қашқыновтың шығармашылығын танымал ету арқылы балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру;

- жеткіншектердің шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту.

3. Сайысты өткізу тәртібі мен мерзімі

3.1 Сайысқа қатысу үшін өтінімдер ұйымдастырушының электрондық поштасы арқылы (odb_abai@mail.ru) 2023 жылдың 24 қазанға дейін қабылданады.

3.2 Сайысқа қатысуға 2-3 сынып оқушылары шақырылады. **(Байқауға 1 (бір) мектептен 3 (үш) оқушы қатысу міндеттеледі).**

3.3 Жаттауға Ж. Қашқыновтың шығармалары қосымша беріледі.

- («Сұрақ», «Бұлақ», «Бақбақ», «Қарақұрт пен қой», «Ақтоғай», «Кітап», «Мұғалімге», «Әдет», «Көмектесем мамама», «Кір қуыршақ», «Ыстық көл», «Жоғалған кітап», «Күз», «Көктем», «Найзатас», «Төребектің қылығы», «Санамак») өлеңін мәнерлеп жатқа оқу.

3.4 Облыстық мәнерлеп оқу сайысы қараша айының 3 күні сағат 14.00 -да Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасында **(Қарағанды**

қаласы, *Бұқар жырау даңғылы, 30*) офлайн нұсқасында өткізіледі (нақты уақыты, өтетін жері қосымша хабарланады).

4. Жеңімпаздарды анықтаудың критерийлері

4.1 Жеңімпаздарды анықтау мақсатында қазылар алқасы құрылады. Алқа құрамын ұйымдастырушылар тағайындайды.

4.2 Сайысқа қатысушылар ұйымдастырушылар ұсынған өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқуы қажет:

- шығарманы жатқа және мәнерлеп оқу шеберлігі;
- әртістік шеберлігі.

5. Қатысушыларды марапаттау

5.1 Салтанатты марапаттау рәсімі барысында жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады:

- әділ қазы мүшелерінің қалауымен қосымша ынталандыру сыйлықтары берілуі мүмкін;
- жеңімпаздар жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Ұйымдастырушының байланыс телефондары:

ұялы тел: 87059797539; 8(7212)412325 (Черникова Ирина Николаевна, мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлім басшысының м.а, байқаудың бас үйлестірушісі).

Қосымша: Ж. Қашқыновтың өлеңдері

Ұнатамын күзді мен»

**Ж. Қашқыновтың өлеңдерін
облыстық мәнерлеп оқу сайысына қатысушы өтінім**

Қатысушының тегі, аты _____

Мекен-жайы _____

Мектебі, сыныбы, жасы _____

Жетекшінің тегі, аты (телефон) _____

Мектеп директорының қолы _____